

Алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау қағидаларын бекіту туралы

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 22 өкімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 08 қарашада № 8894 тіркелді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 40-бабы, "Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 185-бабы, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 144-бабы, "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-11-бабы, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-2-бабы іске асыру мақсатында:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 16.02.2026 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса берілген Алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау қағидалары бекітілсін.

2. Осы өкім оның бірінші рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткенде қолданысқа енеді.

А. Шәкіров

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің
2013 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 22 өкімімен
бекітілген

Алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын (бұдан әрі - Баяндама) дайындау тәртібін реттейді.

2. Баяндаманы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары алдын ала болу, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігі аясында жүргізілген өзге де іс-шаралардың нәтижелері бойынша оған ұсынылған есептері негізінде дайындайды.

Баяндаманың құрылымы осы Қағидаларға берілген қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 11.05.2023 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Баяндамаға алдын ала болуға жататын мекемелерде ұсталатын тұлғаларға қатысты қарау жағдайларын жақсарту, азаптауларды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін болдырмау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынымдар, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар кіреді.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Үйлестіру кеңесі мүшелерінің арасынан Баяндаманы дайындауды үйлестіруге жауапты тұлғаны тағайындайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 11.05.2023 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Баяндаманы дайындауға жауапты тұлға Баяндаманы дайындау жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлейді және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге бекітуге ұсынады, онда Үйлестіру кеңесінің Баяндама бөліктерін дайындауға жауапты мүшелерін бекіту, сондай-ақ Баяндаманы және оның бөліктерін құру мерзімдері көрсетіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 11.05.2023 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Баяндаманы дайындауға жауапты тұлға Үйлестіру кеңесінің мүшелерінен және ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан Баяндаманы құру үшін қажетті ақпаратты сұратады.

7. Үйлестіру кеңесінің мүшелері Баяндамаға ақпарат пен материалдарды қосу жөніндегі ұсыныстарды Үйлестіру кеңесінің қарауына енгізеді.

8. Баяндаманы дайындау мерзімі Баяндаманы дайындау жоспарына сәйкес айқындалады.

9. Баяндама Үйлестіру кеңесінің мүшелері ашық дауыс беру жолымен Үйлестіру кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен бекітіледі.

10. Бекітілген баяндама уәкілетті мемлекеттік органдарға қарау үшін жіберіледі және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің интернет-ресурсына оның бекітілуі күнінен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей орналастырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 11.05.2023 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Баяндамаға өткен жылғы алдын ала болу жөніндегі қаржылық есеп қоса беріледі . Қаржылық есеп құжаттарының түпнұсқалары бюджеттік бағдарлама әкімшілігіне жіберіледі.

Алдын ала болу
қорытындылары бойынша
жыл сайынғы жинақталған
баяндаманы дайындау
қағидаларына
қосымша

Жыл сайынғы жинақталған баяндаманың құрылымы

Ескерту. Қосымша жана редакцияда - Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 11.05.2023 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 - тарау. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына Факультативтік хаттамаға сәйкес қызмет

1. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына Факультативтік хаттама.

2. Азаптауларды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін болдырмау мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы.

3. Консультативтік кеңестің, Ұлттық алдын алу тетігі мүшелерінің өкілеттіктері.

4. Ұлттық алдын алу тетігін қаржыландыру.

5. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметіне қоғамдық бірлестіктердің қатысуы.

6. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына Факультативтік хаттамасынаның талаптарына сәйкес қамауда ұстау орындарында алдын ала болу.

2 - тарау. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мекемелерде ұсталатын тұлғалардың жағдайы

7. Жалпы ережелер.

8. Жағдайды бағалау.

9. Қорытындылар мен ұсынымдар.

3 - тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ведомстволық бағыныстағы мекемелерде ұсталатын тұлғалардың жағдайы

10. Жалпы ережелер.
11. Жағдайды бағалау.
12. Қорытындылар мен ұсынымдар.

4 - тарау. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мекемелерде ұсталатын тұлғалардың жағдайы

13. Жалпы ережелер.
14. Жағдайды бағалау.
15. Қорытындылар мен ұсынымдар.

5 - тарау. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мекемелерде ұсталатын тұлғалардың жағдайы

16. Жалпы ережелер.
17. Жағдайды бағалау.
18. Қорытындылар мен ұсынымдар.

6 - тарау. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мекемелерде ұсталатын тұлғалардың жағдайы

19. Жалпы ережелер.
20. Жағдайды бағалау.
21. Қорытындылар мен ұсынымдар.

7 - тарау. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мекемелерде ұсталатын тұлғалардың жағдайы

22. Жалпы ережелер.
23. Жағдайды бағалау.
24. Қорытындылар мен ұсынымдар.

8 - тарау. Қорытынды

25. Қорытындылар.
26. Ұсынымдар.